



Ақмешіт

16 тамыз
сенбі

№61 (2174)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҰСТАЗДЫҚ – ЖАЙ МАМАНДЫҚ ЕМЕС, БҰЛ – ҰЛЫ МИССИЯ

**Кеше елордада ұстаздардың
республикалық тамыз
конференциясы өтті. Оған ел
Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев
қатысты.**

Биылғы жиын тақырыбы «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» деп аталды. Өскеген ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған басқосуда Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген мұғалім еңбегі өлшеусіз екенін айтып, ұстаздарға ризашылығын білдірді.

– Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрісіздер. Халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жатсыздар.

Бүгін мен еліміздегі ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін! Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жақсы оқытушыны бәрінен де қымбат көремін» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады». Бұл – ел Президентінің сөзі. Мемлекет басшысы ұлт болашағын тәрбиелеуде ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктелетінін атап айтты.

– Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алдық. Бұл – ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылды. Елдегі саяси жүйе толық жаңғырды. Ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Қоғамымыз дамып, азаматтардың сана-сезімі өзгеруде.

Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шықты. Билікте де «отбасылық жүйе» жоқ. Азаматтарды қызметке тағайындау кезінде ең алдымен олардың білімі мен кәсіби білігі ескеріледі.

Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Занды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұрды.

Бірақ өзгерістерді жасау – бір бөлек болса, оны біржола орнықтыру – бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет. Осы ретте сіздерге, яғни ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Себебі нағыз «Адал азамат» мектеп қабырғасында қалыптасады».



Ел Президенті жиында атап айтқандай, соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы екі есеге өскен. «Мен білім беру саласына айрықша мән беремін» деген Мемлекет басшысы Президент ретінде алғашқы шешімдердің бірі ұстаздарға қатысты болғанын да атап өтті.

– 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланды. Қазір 128 мектеп салынды. Бұдан бөлек, білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына алыстан астам мектеп салынды. Тағы 30-ға жуығы салынып жатыр.

«Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді. Бүгінде 74 мұғалім осы құрметті атаққа ие болды. Былтыр 2 ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Бұл – барша педагогтер қауымына көрсетілген зор құрметтің белгісі.

Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту әрдайым басты назарда. Соңғы төрт жылдың ішінде олардың жалақысы 2 есе өсті. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам ұстазға үстеме ақы төленеді. «Білім берудегі өзгерістердің мың көшбасшысы» жобасы қолға алынды. Осы жобаға қатысқан 332 маман мектеп директоры болып тағайындалды. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды. Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс, – деді ел Президенті.

2-БЕТТЕ

БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН КҮН



Бүгінде Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Соңғы жылдары мемлекет қолдауының арқасында аймақтың тұрғын үй құрылысының өсу қарқыны рекордтық көрсеткішке жетті. Нәтижесінде Сыр өңірі халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй сатып алу көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы орынға шықты.

Осы аптада сол жағалаудан бой көтерген 5 қабатты тұрғын үй кезекте тұрған отбасыларға берілді.

Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері қатысты. Қоныс тойын тойлаған тұрғындарды аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады.

– Биыл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елі астанасы болғанының 100 жылдығы кең көлемде аталып өтуде. Мерейлі жыл аясында аймағымызда саулеті келіскен, әсем де заманауи ғимараттар бой көтеруде. Бұл – жыл сайын тамыздың екінші жексенбісінде кәсіби мерекелерін атап өтетін құрыш қолды құрылысшыларымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Мереке қарсаңында жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсімі бұйырды. Аймағымызда тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды ірі инфрақұрылымдық жоба бар. Атап айтсақ, облыс бойынша 96 жобаның құрылысы жүруде. Жақында балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы өз жұмысын бастады. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараттары ел игілігіне пайдалануға берілді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі салтанатты түрде ашылды. Президентіміздің қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен құны 2 млрд 900 млн теңге болатын мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Сыр жұртшылығы асыға күткен нысандар алдағы қыркүйек айында ашылады. Облыс орталығында көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешені, Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатөменеркөсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен жанадан «Достық үйі» бой көтеруде. «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында облыс орталығының озық сәулеттік үлгісін қалыптастырып, көпқабатты тұрғын үйлердің ауаларын, саябақтар мен мәдени-демалыс орындарды абаттандыру жұмыстары жүруде. Орталық алаң қайта жаңғыртудан өтті.

2-БЕТТЕ

САНАҚ ПЕН САБАҚ:

ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ ДЕРЕГІ

Елімізде 1 тамыздан ауқымды ауыл шаруашылығы санағы басталғаны белгілі. Бұл шара БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының 10-шы дүниежүзілік ауыл шаруашылығы санақтары бағдарламасы аясында өткізіліп отыр. Санақ ел бойынша 300 мыңнан астам ауыл шаруашылығы құрылымын және шамамен 2 миллион үй шаруашылығын қамтиды. Ауыл шаруашылығы санағы аграрлық саланың қазіргі жағдайы туралы ақпарат алуға арналған. Жиналған деректер тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға, мемлекеттік саясатты әзірлеуге және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын жоспарлауға негіз болады.

Айта кетсек, ауыл шаруашылығы санағы елімізде соңғы рет 2006-2007 жылдары өткен. Ол кезден бері салада айтарлықтай өзгерістер болды. Санақтың онлайн кезеңі 2025 жылғы 1-31 тамыз аралығында өтеді. Қатысу сапа.gov.kz ресми сайты арқылы жүргізіледі. Анкеталарға қол жеткізу үшін ЭЦҚ, SMS-код немесе eGovMobile қосымшасындағы QR-код арқылы авторизациялау мүмкіндігі қарастырылған. Қатысушылар үшін екі түрлі анкета ұсынылған. Ауыл шаруашылығы кәсіпорны-



дарына арналған және жеке қосалқы шаруашылықпен, яғни, бау-бақша өсіру, мал ұстаумен айналысатын үй шаруашылықтарына арналған. Сауал-наамаларда жер иелену және пайдалану, мал басы, техникалық жабдықтау, өнім өткізу, жұмыспен қамту және еңбек жағдайлары сияқты негізгі бағыттар қамтылған. Онлайн формат деректер жинау процесін жеңілдетіп, алыс ауылдарды қамтуға мүмкіндік береді. Сауалнаманы кезең-кезеңімен толтыруға болады, барлық дерек автоматты түрде сақталады. Сайтта бейне-нұсқаулықтар мен интерактивті кеңестер ұсынылған. Респонденттерге қолдау көрсету үшін «SANAQ мырза» атты ЖИ чат-бот және 1446 нөмірі бойынша тәулік бойы жұмыс

істейтін байланыс орталығы қызмет көрсетеді. Сонымен қатар жергілікті әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімшелерінде 2684 өзіне-өзі қызмет көрсету нүктесі ұйымдастырылған. Ресми мәліметке сүйенсек, санаққа 21 мыңнан астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны мен 279 мыңға жуық фермер қожалықтары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер қамтылады. Санаққа қатысу үшін барлық жағдай жасалған. Егер ауылдық жерде компьютер немесе интернет болмаса респонденттер аудандық әкімдіктер мен статистика бөлімдеріндегі өзін-өзі қызмет көрсету аймақтарына жүгіне алады. Бұл бөлімшелер қажетті құралдармен қамтамасыз етілмек.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Жақсылық АБДУСАМЕТОВ, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры:

Соңғы уақытта МӘМС жүйесіне қатысты сын-пікірлер көп айтылып жүр. Осыған орай, елімізде МӘМС жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізу жоспарланды. Айта кетейік, бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – медициналық қызметтердің сапасын арттырып, халықтың барлық санатына тиімді ету. Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев міндетті медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерді бекітіп, құжатқа қол қойды. МӘМС жүйесіндегі өзгерістер халыққа қалай әсер ететіні жөнінде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметовпен сұхбаттастық.



ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ ӨЗГЕРІС БАР

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру заңына қандай өзгерістер енді?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы жаңа заңға қол қойды. Бұл құжат денсаулық сақтау саласында бірқатар маңызды өзгеріс жасап, медициналық қызметтердің тиімділігін арттыруға бағытталған. Негізгі мақсаты – 2027 жылдан бастап денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды сақтандыру моделіне кезең-кезеңімен көшу.

Мұның ерекшелігі: денсаулық сақтау саласындағы қызметтер мен шығындардың негізгі үлесі жүйе

қатысушыларының жарналары мен аударымдары есебінен өтеледі. Атап айтсақ, шамамен 65%-ы МӘМС жүйесі есебінен, 35%-ы бюджет қаражаты есебінен. Сонымен қатар саланың қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. МӘМС жүйесімен қамтылған халық үлесі 90%-ға дейін жеткізіледі. Қаражатты пайдалану мен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметі ашық әрі айқын жүргізіледі.

– 2026 жылдан Бірыңғай медициналық көмек пакеті енгізіледі. Бұл бастама қандай өзгеріс әкеледі?

– Бірыңғай медициналық кө-

мек пакеті келер жылдан бастап қолданысқа енеді. Бұл денсаулық сақтау қызметтерін қолжетімді етуді көздейтін бастама. Атап айтарлығы, онкологиялық ауруларға арналған скринингтер тегін болады. Сондай-ақ 8 әлеуметтік мәні бар ауру бойынша консультациялық-диагностикалық көмек тегін көрсетіледі. Мәселен, туберкулез, АИТВ, гепатит, психикалық аурулар, инфаркт, инсульт секілді ауруларды емдеу азаматтардың мәртебесіне қарамастан тегін ұсынылады. Бұл өзгерістер медициналық көмектің тиімділігін арттыруға негізделген.

4-БЕТТЕ

ҰСТАЗДЫҚ — ЖАЙ МАМАНДЫҚ ЕМЕС, БҰЛ — ҰЛЫ МИССИЯ

Уақыт талабына сай мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау маңызды екені де жиында атап айтылды. Биыл білім беру саласына 13 мыңнан астам грант бөлінсе, педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртакысы бес жылда екі есе көбейген. Жаңа оқу жылынан бастап шәкіртакы 84 мың теңге болатыны да студенттер үшін жағымды жаңалық екені сөзсіз. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде соңғы жылдары мұғалім мамандығын таңдайтын жастардың қатары артқан. Былтыр 1800-ге жуық «Алтын белгі» иегері педагог мамандығына оқуға түссе, биыл 2 мыңнан астам үздік түлек ұстаз мамандығын таңдаған. Бұл — барлық «Алтын белгі» иегерлерінің 23 пайызға жуығы. Жиында ел Президенті оқушылардың жақында әлемдегі ең беделді жеті олимпиадadan 27 медаль, халықаралық олимпиадалардан 1000-ға жуық медаль иеленгенін, бұл ұл-қыздарымыздың сапалы білімі мен терең ізденісі және ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі екенін де атап айтып, білім саласындағы жетістік аз емес екенін жеткізді. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайтынын, алда атқарылу шаруа көп екенін де еске салды.

— Білім сапасын жақсарту тусу қажет. Қазір ғылым мен білім, технология өте жылдам өзгеріп жатыр. Кеше алған білімнің ертең өзекті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің білікті болуы — өте маңызды мәселе. Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал. Дамыған мемлекеттерде білім беру саласы ұлттық экономиканың тірегі, қозғалушы күші екені белгілі. Сондай елдердің тәжірибесін зерттеген жөн. Бірақ басқалардың бала оқыту үлгісін құр көшіріп әкеле салуға да болмайды. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек. Жалпы, білім беру стандарттарына, оқыту әдістемесіне, оқулыққа енгізілетін кез келген өзгерісті өте мұқият саралау қажет. Себебі білім саласында ешқандай қателікке жол беруге болмайды. Бір ғана қателіктің салдары өте ауыр болуы мүмкін, — деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қала мен ауыл мектептерінде білім беруде алшақтық болмауы керекі қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Президент қала мен ауыл мектебіндегі білім беру деңгейін теңестіруді маңызды міндет ретінде атады.

— Соңғы төрт жылда 4 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңғыртылды. Оның басым көпшілігі — ауыл мектептері. Ауылдағы білім ошақтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңадан кітапханалар, асханалар мен спорт залдары салынып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Баланың бірі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да — осы, — деді ел Президенті.

Жиында білім мен тәрбиені бөліп-жаруға

Басы 1-бетте

САНАҚ ПЕН САБАҚ: ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ ДЕРЕГІ

Санақ не үшін керек?

Ауыл шаруашылығы санағы белгілі бір кезеңде аграрлық саланың нақты жағдайын, өндірістік әлеуетін тіпті көлеңке бар ресурстарын толық сеепке алуға бағытталған кешенді статистикалық зерттеу. Мұндай санақ барысында егін және мал шаруашылығы, бау-бақша, егіс алқаптары, жер пайдалану, техниканы жабдықтау, еңбек ресурстары және өндіріс көлемі туралы толық мәліметтер жиналады. Ауыл шаруашылығы санағының қажеттілігі ең алдымен саланы тиімді басқару мен жоспарлауда көрінеді. Мемлекет пен салалық құрылымдар осы деректерге сүйеніп отырып, жер ресурстарын тиімді бөледі, өндіріс көлемін болжайды, өнімділікті арттыруға бағытталған агротехнологиялық шараларды жоспарлайды. Сондай-ақ субсидиялар мен жеңілдетілген несиелерді мақсатты болу, суару жүйелерін, қоймаларды және өңдеу зауыттарын салу сияқты инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін де санақ деректері маңызды рөл атқарады.

Бұл санақтың маңызы экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық қырларынан айқындалады. Экономикалық тұрғыда ол аграрлық әлеуетті бағалап, ішкі нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мен экспорттық мүмкіндіктерді арттыру жолдарын анықтайды. Әлеуметтік тұрғыда ауыл халқының жұмыспен қамтылуын, табыс деңгейін және еңбек жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Демографиялық қырынан алғанда, ауылдағы халық саны мен құрылымын, еңбекке жарамды тұрғындар үлесін айқындайды, ал бұл өз кезегінде жол, су, электр және байланыс инфрақұрылымын дамытуда нақты жоспар құруға негіз болады. Экологиялық маңызды жердің пайдаланылу деңгейін, егіс алқаптарының жағдайын және табиғи ресурстардың тиімділігін бағалаумен өлшенеді. Ауыл шаруашылығы санағы — аграрлық секторды ғылыми негізде басқарудың басты құралы. Ол саладағы нақты ахуалды көрсетіп қана қоймай, болашақ даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Дұрыс және уақытылы жүргізілген санақ

Басы 1-бетте



болмайтыны да назардан тыс қалмады. Бұл орайда Мемлекет басшысы «Отбасы — мектеп — мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жететінін, білім тәрбиесін ұптаcканда ғана берекелі, сапалы болатынын атап айтты.

— Білім мен тәрбие — кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Мектеп — білім мен тәлім-тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек. Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын. Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемішіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуіе тиіс. Себебі жауапкершілік бәріне ортақ. Жәкім Абай да «Адамның адамышылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан. «Отбасы — мектеп — мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде — еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі

бұл жол тек тығырыққа тірейді. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы — осы бағыттағы нақты шараның бірі. Мен бұған дейін де айттым. Таза Қазақстан дегеніміз — қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Өрине, ол да маңызды. Сонымен бірге бұл — ой-сана тазалығы деген сөз. Жан дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады. Қолы таза адам жемқорлыққа бармайды, адал болады. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатыны сөзсіз, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар өскелең ұрпақты әлеуметтік кеселден сақтау назардан тыс қалмауы тиіс екені де атап айтылды. Көп уақытын интернет пен әлеуметтік желіде өткізетін жас ұрпақтың жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсетіні белгілі. Бұл орайда мұғалім балалардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Сондай-ақ бала қауіпсіздігі де басты назарда. Президент мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс екенін атап айтты.

— Зорлық-зомбылыққа, әлімжетікке, яғни буллингке, қатігездік пен озбырлыққа мүлде жол берілмеуі керек. Соңғы екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, көмелет жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды, бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзіреті кеңейді.

Сондай-ақ тағы бір өзекті мәселе. Балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-коды орнатылды. Жаңа оқу жылынан бастап мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллингке қарсы «Досбол.LKKE» атты бағдарлама іске қосылады. Негізгі мақсат — балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл бағыттағы маңызды жұмыс тоқтамайды, жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі әрдайым мемлекет назарында болады. «Не ексең, соны орасын» деген.

Қазір біз бір қоғам болып жас ұрпақтың бойына қандай құндылықтарды сіңірсек, ертең ондаған жылдан кейін ұлтымыздың сапасы да сондай болмақ. Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі мектепте қаланады, — деді ел Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жиында білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің жедел енгізуді тапсырды.

— Өлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Оның басты нышанын инновацияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллекттің өмірімізге дендеп енуінен байқауға болады. Сондықтан бүгінде «озық ойлы ұлт» пен «технологиялық ұлт» ұғымдары егіз. Біздің міндетіміз — жаһандық үрдістерге бейімделу. Ол үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдету өте маңызды. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің игеру білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады. Бүгінде еліміздегі мектептердің 95 пайыздан астамы жылдам интернетпен қамтылған. Аталған көрсеткішті 100 пайызға жеткізу керек. Жерсерік жүйелерінің мүмкіндіктерін осы мақсатқа пайдалануға болады. Мұны жай ғана инфра-құрылымға теңдей қол жеткізу мәселесі емес, әлеуметтік әділдіктің маңызды идеологиялық қағидаты ретінде қарастырған жөн. Сонымен қатар озық инновациялық тәсілдер ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуына жол ашып, инклюзивті орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Елімізде мектепке немесе колледжге қабылдау, сондай-ақ басқа мектепке ауысу бойынша барлық негізгі қызметтер цифрлық жүйеге көшірілген. Электронды Үкіметтің мобильді қосымшасында білім саласына қатысты барлық ақпарат жиналған Білім қызметі жұмыс істеп тұр, — деді Президент.

Бұл орайда мұғалімге артылар жауапкершілік жүгі де жеңіл болмасы анық. Себебі мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керектігі де баса айтылды. Президент Үкімет пен әкімдер бұл жұмысқа баса мән беруі керектігін айтты.

Атап айтқанда, білім беру мекемелерін тиісті интерактивті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Оқытуға арналған цифрлық платформалар мен электронды оқулықтар барлық оқушыға қолжетімді болуға тиіс. Бұл ретте оқыту материалдары түгел мұқият сарпталуы керек. Президент «Балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясын оқытқан жөн. Бұл — болашақта жастарымыздың бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды. Бұл педагогтерге де қатысты. Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек», — деді. Жалпы, білім беру саласын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару үшін цифрландыру мен жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалану керек екенін айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізуді ұсынды.

сақтау кезінде осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді» делінген. Осыған орай, респонденттер тарапынан берілген ақпараттар заман қорғалады және мемлекеттік кіріс органдарына және тағы басқа да органдарға берілмейді. Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, — дейді Айбек Жантөреұлы.

Әлемдік тәжірибе

Ауыл шаруашылығы санағы — мемлекеттердің аграрлық секторды басқарудағы негізгі статистикалық құралдарының бірі. Бұл арқылы елдер жер қорының, мал басының, техникалық жарақтандыру деңгейінің, еңбек ресурстарының және өндіріс көлемінің нақты ақпаратын алады. Дүниежүзілік тәжірибеде ауыл шаруашылығы санактары БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ұсынымдарына сәйкес әр 10 жылда бір рет өткізіледі. Аталған ұйымның 10-шы Дүниежүзілік ауыл шаруашылығы санағы бағдарламасына әлемнің 150-ден астам мемлекеті қатысады. Қазақстанда ауыл шаруашылығы санағы кешенді түрде өткізіліп, аграрлық саланың толық паспортын жасау мақсатын көздейді. Бұл бағытта еліміз заманауи цифрлық технологияларды кеңінен қолданады.

Дамыған елдерде ауыл шаруашылығы санактары толықтай дерлік онлайн форматта өтеді. Мысалы, Канадада сауалнама деректері спутниктік және геоаппараттық жүйелермен салыстырылады. Бұл жерді пайдалану тиімділігін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Австралияда санақ деректері тікелей субсидия бөлу процесіне әсер етеді. Мәселен, жаңбыр аз жауған аймақтардағы шаруалар қосымша қаржылай қолдау алады. Еуропалық Одақ елдерінде санақ бірыңғай стандарт бойынша жүргізіледі және әр фермердің мәліметі ортақ еуропалық деректер қорына енгізіледі. Ал интернет желісі дамымаған кейбір Африка елдерінде санақ әлі күнге дейін қағаз жүзінде арқылы жүргізіледі, бұл әрине тиімсіз. Себебі деректерді өңдеу мерзімі ұзаққа созылады.

Салыстыра қарағанда Қазақстан дамыған елдердің бірқатар тәжірибесін енгізіп үлгерді. Дегенмен геоаппараттық жүйелерді толық интеграциялау, спутниктік мониторинг деректерін автоматты өңдеу және жасанды интеллект арқылы талдау әлі де дамытуды қажет ететін бағыттар. Әлемдік тәжірибе дәлелдегендей, ауыл шаруашылығы санағы тек деректер жинау ғана емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, аграрлық экономиканың тұрақтылығы мен экспорттық әлеуетін арттыратын стратегиялық құрал.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА



БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН КҮН

Қазіргі таңда шаһардағы Президент саябағында, Қорқыт Ата мемориалды аллеясында қызу жұмыс қарқын алған. Жаздың басында кайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркі ашылды. Алдағы уақытта облыс орталығындағы 50-ге жуық парк, сквер, аллеяларды кезек-кезекімен жаңғыртамыз.

Баспаналы болу әрбір отбасының жақсылыққа жетелейді. Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, ішіндегі әр отбасының шаңырағы татулық пен берекетке толы болғай! — деді облыс әкімі. Халықтың көз қуанышына айналған зәулім үйлердің көптеп салынуына қыстың суығы, жаздың аптап ыстығына қарамастан тер төгіп жүрген құршы қолды құрылысшылардың еңбегі зор. Олар білікті маман ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша үлес қосып келеді. Салтанатты шарада тұрғын үйді салған мамандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Басы 1-бетте

А.АЙТЖАНОВА

«Ақмешіт-ақпарат»

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат Шуменов Ербол Пранович

ӨМІРБАЯНЫ

Шуменов Ербол Пранович 1980 жылы 20 маусымда Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінде дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі жоғары. 2014 жылы «Болашақ» университетін Есеп және аудит мамандығы бойынша бітірген. Экономика және бизнес бакалавры бойынша білім алған.

Еңбек жолын 1997-2002 жылдар аралығында «Карина» ЖШС-де директор қызметінен бастаған. 2002-2004 жылдар аралығында «ТАБ» ЖШС сауда өкілі, 2004-2006 жылдары Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығында жұмысшы, 2006-2008 жылдары Қарауылтөбе ауылдық клубының меңгерушісі, 2008-2009 жылдары қалалық мәдениет үйінің шаруашылық меңгерушісі, 2009-2010 жылдары Абай ауылдық мәдениет үйінің директоры, 2010-2011 қалалық мәдени-демалыс паркі директорының орынбасары, 2011-2014 жылдары Қарауылтөбе ауылдық клубының меңгерушісі, 2014 жылдан бастап Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының «Қарауылтөбе ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Күрметті сайлаушылар!
Сіздердің назарларыңызға Қарауылтөбе округінің әкімі лауазымына кандидат ретінде өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.
Мемлекет басшысы ұстанған қоғамдық татулық пен тұрақтылықты көзлеген саяси бағыт Қазақстанның дамудың даңғыл жолына түсіп, экономикасы қарқынды дамыған елге айналуға өз септігін тигізеді деген ұстанымдамын.

Менің бағдарламамның барлық тармағы Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттейтін қолданыстағы

заңнамаға және де бюджеттің нақты қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.
Біздің басты мақсатымыз – Әділетті Қазақстан құру арқылы елге қызмет ету. Мен осы бағытта өзіме бірқатар міндет қойдым. Менің сайлауалды бағдарламам келесі мәселелерді қамтиды.

Ауыл әкімі – ауылды дамытудағы негізгі қозғаушы күш. Ол – халықпен бетпе-бет кездесіп, жергілікті мәселелерді шешуге жауапты тұлға. Ауыл әкімдерінің жұмысы ауылдық аймақтардың әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатын көтеру, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және тұрғындармен тығыз байланыс орнату арқылы көрінеді. Сондықтан мемлекеттік бағдарламалар арқылы бағдарламада айтылған мәселелерді орындауға күш саламын. Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеу арқылы ауылды көркейтуге атсалысамын.

– Ауылдық округте әлеуметтік, білім, денсаулық сақтау, мәдениет салаларының және тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған Қарауылтөбе ауылдық округінің тұрғындары мен мемлекеттік билік органдарымен тығыз байланыста болып, заң нормаларына сәйкес, үйлесімді қызмет етуін қамтамасыз ету;

– Ауылдық округтің экономикалық әлеуетін белсенді дамыту, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдай жасау. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту бойынша жұмысты жандандыру;

– Халық арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету;

– Ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және күрделі, ағымдағы жол жөндеу жұмыстарын жүргізу;

– Жергілікті халықтың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік жағдайын жақсарту;



– Ауылдық округ тұрғындары арасында саламатты өмір салтын насихаттауға үлес қосу;

– Жастар ауылда жұмыс істеу үшін жағдай жасау;

– Жаңа жұмыс орындарын құру, еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға белсенді жәрдемдесу;

– Ауылдық округтің тазалығын, абаттандыру мен көгалдандыру жұмысын, ауыл жолдарын уақыттылы әрі сапалы жөндеуді, көшелерді жарықтандыру жұмысын жалғастыруды қамтамасыз ету;

– Халықтың мәдени іс-шараларға көптеп қатысуын қамтамасыз ету, жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін мәдени шараларды ұйымдастыру, тұрғындар және жастар арасында бұқаралық спорт пен саламатты өмір салтын дамыту;

– Қоғамдық қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, ауылдық округте тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыруға жәрдемдесу.

Менің Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат ретінде ұсынып отырған сайлауалды бағдарламам сіздермен бірлесіп ауыл өмірінде маңызды мәселерді шешуге ықпал етеді деп сенемін. Ауылды түлету – әр азаматтың міндеті. Туған жердің өсіп-өнуі үшін жұмыс істеуге уәде беремін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді.

АҚСУАТ: КӘСІПКЕ ЖҰМЫЛҒАН АУЫЛ

Қалаға іргелес орналасқан Ақсуат ауылдық округінде жергілікті жұрт өзін-өзі жұмыспен қамтып, тірлік етуде. Ауыл халқының саны күннен-күнге көбейіп, жаңадан көшіп келгендер бар. Сондықтан да инфрақұрылым мәселесі назардан түспей тұр.

– Ауылымыздағы ең өзекті мәселелердің бірі – жаңа қонысты электр жарығымен қамту. Өткен жылы 32 көшені электр желілерімен қамту мақсатында 74 млн теңгеге құрылыс жұмыстары басталды. Биыл бұл жұмыстарды жалғастыруға 573 млн 51 мың теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыс толық аяқталғаннан кейін электр желілерімен қамтылмай қалған 22,5 шақырымды құрайтын жаңа қоныс тұрғындарының электр желісіне қатысты туындаған мәселесі шешімін табады. Одан бөлек, қоғамдық көліктер қатынайтын басты көшелер П.Тлепбаев, А.Найзағараев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 көшелерінде 100 млн теңгеге жол құрылысы басталды. Биыл қалған 616 млн 756 мың теңгеге жол жөндеу жұмыстары жалғасуда. Қазіргі таңда 11 млн 232 мың теңгеге 1,22 км болатын А.Арысбаев, Орманбаевтар, О.Жақенов көшелеріне жарық бағаналарын орнату жұмыстары аяқталды, – деді қала әкімінің баспасөз орталығында өткен брифингте Ақсуат ауылдық округінің әкімі Нұрболат Бақытов.

Округ бойынша 2025 жылдың 6 айында 60 отбасына 166 млн теңге атуалы әлеуметтік көмек тағайындалған. Жыл басынан бері тұрақты жұмысқа – 66, ақылы қоғамдық жұмысқа – 33, әлеуметтік жұмыс орындарына 4 адам орналасқан. Ал «Жастар практикасына» 9, «Күміс жас» бағдарламасына 12 адам тартылған. «Бастау Бизнес» курсына 10 адам оқып, сертификат алды.

Ауыл әкімінің айтуынша, Ақсуатта кәсіпкерлік саласы қарқынды дамуда. Атап айтсақ, мұнда 602 шағын кәсіпкерлік тіркелген.

– Биыл 6 айдың ішінде 11 кәсіпкер 281 млн теңге несие алған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 8 кәсіпкер 46 млн теңге алды. Қайтарымсыз қаржы алып, кәсіп бастауға талаптанғандар бойынша 28,3 млн теңгені құрайтын 18 жоба қолдау тапты. Сонымен қатар «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы» микро қаржы ұйымы арқылы 9,8 млн теңгені құрайтын ағаш шеберханасы жобасы қолдау тапты. «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеке кәсіпкер Аралбаеваның арзан шұлық өнімдері ауыл, қала тұрғындарын қамтамасыз етсе, қазіргі таңда басқа

облыстардан да тапсырыстар қабылдауда. «Сабира ЖК» кәсіп иесі көрпе тігіп, мақта, жүн түтіп, ескі көрпелерді жаңалауда. Сондай-ақ ауылдағы екі жылдық өнімдері тұрғындарға сатылуда. Ал жеке кәсіпкер Ләззат Сейтгова тұрғындарды нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Одан бөлек, балалар массаж орталығы қызмет көрсетуде. Автокөліктерді жөндеу, темір бұйымдар өндіру, тігін цехы ашылып жұмыс істеуде. Бұл жұмыстардың барлығы мемлекет тарапынан кәсіп иелерге қолдау болғанын білдіреді. Сонымен қатар Сырдария ауданы, Бесарық ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бизнес инкубатор жобасын ауылымызда дамыту мақсатында, шағын өнеркәсіптік-сауда кешені құрылысын салу жоспарлануда, – деді ауыл әкімі Нұрболат Бақытов.

Ауылды тұрмыстық қалдықтардан тазарту «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында тұрақты түрде жүргізіліп келеді. «Бақыт кілті» қоғамдық қорының демеушілігімен ағаш парбастары әзірленген. Ауыл іргесінің кеңеюіне байланысты тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигонның орнын ауылдан тыс жерге орналастыру мақсатында тиісті құжаттар әзірленуде.

Сонымен қатар ұлттық спортты дамыту мақсатында арнайы жер телімі белгіленіп, қазіргі таңда құжаттары ресімделуде.

Ауыл әкімінің айтуынша, ауызсу мен ақсу мәселесі шешімін тапқан. Бұрын тұрғындар жол мәселесін айтып, жол шұғылдана, бұл мәселе де шешімін тауып келеді.

Қалаға іргелес орналасқан Ақсуат ауылдық округінде жергілікті жұрт өзін-өзі жұмыспен қамтып, тірлік етуде. Ауыл халқының саны күннен-күнге көбейіп, жаңадан көшіп келгендер бар. Сондықтан да инфрақұрылым мәселесі назардан түспей тұр.

Айтолықн АЙТЖАНОВА



ҚОСШЫҢЫРАУ: АУЫЛ ЖАСТАРЫ КӘСІП БАСТАУДА

Қосшынырау ауылдық округі – еңбеккер тұрғындары мен бірлігі жарасқан жұрты бар елді мекен. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында округте халықтың тұрмыс сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мен әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Бұл туралы ауылдық округ әкімі Сейдуали Әбдіқадыров БАҚ өкілдеріне берген брифингте баяндады.

Бүгінде округтегі халық саны 3638 адамды құрайды. Экономикалық белсенді тұрғындар саны – 1634, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 586, ал жұмыссыздар саны 21 адамды құрайды. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту – басты назарда.

– Жыл басынан 4 тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты. Біз үшін әрбір адамның жұмыспен қамтылуы маңызды. Сондықтан «Жастар практикасы», ақылы қоғамдық жұмыс және қысқа мерзімдік оқу курстары арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетіп келеміз, – деді әкім Сейдуали Әбдіқадыров.

Биыл «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның» аясында 3 адам «Жастар практикасына», 21 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 3 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға тартылған.

Биыл ауылдық округтің бюджеті 149,9 млн теңгеге жоспарланса, кейіннен 201,7 млн теңгеге бекітілді. Алты айдың қорытындысы бойынша салықтық түсімдер жоспардан асып, 16,2 млн теңге болды.

– Бюджетіміздің өсуі – ауылдың дамуына мүмкіндік береді. Бұл қаржыны біз әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларға бағыттаймыз, – деді ауыл әкімі.

Округте 371 шағын-кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді, олардың 301-і жеке кәсіпкер, 70-і шаруа қожалығы. Жыл басынан бері 12 жаңа кәсіпкерлік нысан ашылған. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жалпы құны 158,9 млн теңгені құрайтын 20 жоба мақұлданды.

Мысалы, «Іскер» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлерге ауыл шаруашылығы техникасын

сатып алу үшін 9,83 млн теңге несие алған. Ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында 29 млн теңгенің 5 жобасы қолдау тапқан. Жоба аясында наубайхана, ауылшаруашылық техникасы, бетонды домалақ, пенаблук, сондай-ақ мал шаруашылығы қарқын алуда.

– Кәсіпкерлік – ауыл экономикасының тірегі. Біздің міндет – тұрғындардың өз кәсібін ашуына жағдай жасау. Қазіргі таңда «Ауыл аманаты» жобасы жас кәсіпкерлерге кәсіп бастауға септігін тигізуде. Сонымен қатар жұмыссыздық деңгейі де азайды. Бір қызығы, ауылда кәсіппен айналысушылар негізінен – жастар, – дейді ауыл әкімі С. Әбдіқадыров.

Жыл басынан бері аз қамтылған 24 отбасына 5 855 млн теңге көлемінде берілген.

Сонымен қатар Абай елді мекеніндегі медициналық амбулатория алғашқы көмек көрсету, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тұрақты жүргізіліп келеді.

– Денсаулық – ең басты байлық. Сондықтан медициналық қызмет сапасын арттыру – назарымызда. Мәселен, қазіргі таңда денсаулық жағдайына байланысты тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүзеге асуда, – дейді Сейдуали Әбдіқадыров.

2025 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқанында округтен 6 жас сарбаз Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған.

Қосшынырау ауылдық округі – еңбеккер тұрғындары мен бірлігі жарасқан жұрты бар елді мекен. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында округте халықтың тұрмыс сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау мен әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Бұл туралы ауылдық округ әкімі Сейдуали Әбдіқадыров БАҚ өкілдеріне берген брифингте баяндады.

Айдана Бахтияр

ТАЛСУАТ: ЖҰМЫСсыздық азайды

Қала маңына іргелес орналасқан Талсуат ауылдық округінде толымды істер аз емес. Ауылдық округ әкімі Ерлан Бейсенбаевтың айтуынша, бүгінде ауылда 498 отбасы бар. Биыл ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында көптеген маңызды жоба жүзеге асқан. Нәтижесінде ауыл бюджеті 160 млн 539 мың теңгеге жеткен.

Ауылда кәсіпкерлікті дамытуда біршама тірілік атқарылғаны байқалады. Мәселен, ауылда 191 шағын кәсіпкерлік нысан жұмыс істеуде. Жыл басынан жаңадан 5 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, мемлекеттік бағдарламалар аясында ауыл тұрғындарының 11 жобасы қаржыландырылған. Оның ішінде 5 ауыл тұрғыны 7 млн 864 мың теңге қайтарымсыз грантқа ие болған. Сонымен қатар «Ауыл аманаты» жобасы аясында 43,5 млн теңгені құрайтын 4 жоба қаржыландырылған. Атап айтқанда, кәсіпкерлер ет өндірісі, жұмысшы қолғап цехы, қымыз, жартылай фабрикалар өндірісі жобаларын жүзеге асыруда.

– «Жұмысқа көтерген жүк жеңіл» деген қағидаға сүйеніп отырып, бірлесіп атқарылған жұмыстың арқасында биыл Талсуат ауылдық округінде бірқатар жоба жүзеге асты. Ауыл экономикасы дамуының басым бағыттары

– шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге барышына мән беріліп келеді. Жаңа жұмыс орындары ашылууда. Әлеуметтік мәселелер рет-ретімен шешімін табады. Ауыл тұрғындарының көптеген бері көтеріп жүрген мәселесінің бірі – округ аумағында орналасқан әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жауап жүргізушілер жолын салу мен көше жарығын жүргізу мәселесі шешімін тапты. Сонымен қатар 1-ші тұйық көшесіне жарық бағаналары орнатылды. №3 тұйық көшеге тас төсесі. Тағзым алаңына абаттандыру және көркісіту жұмыстары жүргізілді, – деді ауыл әкімі Ерлан Бейсенбаев қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте.

Бүгінгі таңда елімізде жастарға қолдау көрсетіліп, көп мүмкіндік жасалуда. Осы бағытты ұстанған Талсуат ауылдық округінде де жас мамандар жұмыс атқарып жүр. Ауыл тұрғындары жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысу арқылы 2 азамат «Күміс жас» бағдарламасымен, 2 азамат «Жастар тәжірибесімен» қамтылған. Соның нәтижесінде жұмыссыздық азайды.

Елдегі ағайын ауыл шаруашылығымен айналысып келеді. Төрт түлікті түлетуге ынталы азаматтар да аз емес. Биыл барлығы 42 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілуде. Оның ішінде 1,8 гектары картоп, 29,4 гектары көкөніс, 11 гектары бақша дақылдары. Мал шаруашылығы саласында өсім байқалады.

Брифингте ауыл әкімі алдағы уақытта жүзеге асатын жоспарларды айтты.

– Жыл сайын әлеуметтік мәселелердің қордалана түсетіні сөзсіз. Дегенмен тұрғындардың өтініші назардан тыс қалмайды. Осының негізінде Ақмешіт, Астана, Алматы, Отырар, Сауытбаев көшелеріне жарық жүргізілді. Оның жобалық-сметалық құжатты дайын. Сонымен қатар Құмкөл, Атырау, Ақмешіт, Нұрмағамбетов көшелеріне жауап жүргізушілер жолын салу жоспарланды.

Ал Байкелкеев және Алматы көшелеріне балалар ойын алаңын салуға арналған жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде, – деді ауыл әкімі Ерлан Тұтқабайұлы.

Қала маңына іргелес орналасқан Талсуат ауылдық округінде толымды істер аз емес. Ауылдық округ әкімі Ерлан Бейсенбаевтың айтуынша, бүгінде ауылда 498 отбасы бар. Биыл ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында көптеген маңызды жоба жүзеге асқан. Нәтижесінде ауыл бюджеті 160 млн 539 мың теңгеге жеткен.

Айтолықн БАТЫРБАЙҚЫЗЫ





Жақсылық АБДУСАМЕТОВ,
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының
Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры:

ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ ӨЗГЕРІС БАР

– Заңдағы өзгерістерге тоқталсақ, жарна есептеу тәртібіне қандай жаңалықтар енді?

– МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу базасының жоғарғы шегін арттыру ұсынылуда. Енді жұмыс берушілер жарналарды ең көбі 40 ЕТЖ көлеміндегі сомдан есептейді. Ал жұмысшылар 20 ЕТЖ көлеміне дейін төлейді.

Бұл не береді? Жүйеде әділдік болады. Қазіргі таңда жоғары табысы бар тұлғалар пропорционалды түрде аз төлейді. МӘМС қаржылық тұрақтылығы нығаяды, 2026 жылы қосымша 200 млрд теңге түседі. Жаңа заңдағы өзгерістер жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, азаматтардың денсаулық сақтау шығындарын өтеудегі жауапкершілікті әділ және теңдей бөлу қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

– Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесі қалай сақталады?

– Заңда тағы бір маңызды жаңалық – МӘМС жүйесіне кемінде 5 жыл тұрақты жарна төлеген азаматтар төлемді уақытша тоқтатқан жағдайда да 6 ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтап қала алады. Бұған дейін бұл мерзім 3 айды ғана құрайтын.

– Әлеуметтік осал топтағы азаматтарға қандай көмектер көрсетіледі?

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру заңындағы енгізілген өзгерістер ең алдымен, қарапайым халық үшін медициналық көмекті тиімді етуге бағытталған. Енді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы (D және E деңгейі) санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейді. Сонымен қатар ресми жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар да сақтандыру жүйесіне жергілікті бюджет есебінен қамтылады. Бұл өңірлердегі халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік қолдауға қосымша серпін береді. Бұл шара Қызылорда облысында сақтандырылмаған азаматтар қатарын азайтуға ықпал етпек. Жалпы, бүгінгі таңда жыл басынан бері аймағымызда 686 177 адам, яғни халықтың 83,3 пайыздан астамы сақтандырылған. Алайда 137 554 азаматтың сақтандыру мәртебесі жоқ. Оның ішінде 40 605 азамат әлеуметтік осал топты азаматтар санатында. Мәселен, D санатында – 30 116 адам болса, E санатында – 10 489 адам бар.

МӘМС жүйесіне енгізілген бұл өзгерістер халықтың әлжуаз топтарын қорғауды күшейтіп, сапалы әрі тиімді медициналық көмекке жол ашпақ. Денсаулық сақтау саласындағы бұл қадамдар әлеуметтік әділеттілік пен қаржылық тұрақтылыққа негізделген.

– Аймағымызда халыққа қандай нақты көмек көрсетілуде? МӘМС аясында қолжетімді медициналық қызметтер жөнінде айтын өтсеніз...

– 2025 жылы Қызылорда облысында денсаулық сақтау жүйесінің бюджеті 117,4 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 57,1 млрд теңге МӘМС аясындағы қызметтерге, 60,3 млрд теңге тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне бағытталған. МӘМС шеңберінде 31,7 млрд стационарлық көмекке, 17,6 млрд кеңес-диагностикалық қызметке, 10,0 млн теңге дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бөлінген. Амбулаториялық-емханалық жағдайдағы консультациялық-диагностикалық қызметтерге айтарлықтай қаржыландыру қажет етіледі. Мәселен, жыл басынан бері облыстағы медициналық ұйымдарда МӘМС есебінен 2 миллионнан астам консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетілген.

Сонымен қатар қаржыландырудың қомақты бөлігі мамандандырылған стационарлық көмек көрсету және жоғары технологиялық оталарға жұмсалды. Медициналық мекемелерде биылғы 5 айда 105 522 науқас стационарлық жағдайда емделген. Оның ішінде 19 333 пациент тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бойынша емделген болса, қалған 86 189 мыңнан астам тұрғынға МӘМС қаражаты есебінен көмек көрсетілген. Күндізгі стационар бойынша 16 050 науқас ем қабылдаған. Сондай-ақ жыл басынан бері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде 385 млн теңгеге 61 жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетілген. Кардиохирургия мен нейрохирургия салаларындағы мұндай оталардың құны бірнеше миллионнан бастап 10 миллион теңгеге дейін жетеді. Биыл 144 күрделі отаны қаржыландыру жоспарланған.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Басы 1-бетте

СӘБИ ӨЛІМІ НЕГЕ АЗАЙМАЙ ТҰР?

Мемлекет басшысы ана мен бала денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөліп келеді. Ана мен баланы қорғау, дені сау баланың дүниеге келуіне жағдай жасау – денсаулық сақтау саласының негізгі міндеті. Жақында премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ана мен бала өлімін азайту бағытында қабылданып жатқан шаралар талқыланды. Жүйелі жұмыстарға қарамастан 6 өңірде ана өлімі көбейген.

– Мемлекет басшысы ана мен бала өлімі деңгейін төмендетуді денсаулық сақтау жүйесін дамытудың маңызды басымдығы ретінде айқындап берді. Бұл өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мен еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне әсер етеді. Жалпы алғанда, қабылданған шаралар ана мен бала өлімі деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Біз дамыған елдердің көрсеткіштеріне жақындау үшін босану кезіндегі күрделі және қауіпті жағдайлардың алдын алу бойынша жұмысты күшейтуіміз қажет. Денсаулық сақтау жүйесін дұрыс ұйымдастырған жағдайда, көзделген мақсатқа көл жеткізуге болады, – деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

Үкімет отырысында Премьер-министр сала мамандарын даярлауды кеңейту қажеттігін айтты. Астанада және өңірлерде жетекші клиникалар базасында оқу орталықтарын дамытып, акушерлер, гинекологтер, неонатологтер, педиатрлар мен реаниматологтер үшін үздіксіз оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу маңызды екендігіне тоқталды. Сонымен қатар болашақ аналар мен балалар үшін медициналық көмектің тиімділігін арттыру мақсатында ауылдық елді мекендерге білікті кадрлардың баруын қамтамасыз ету басты міндеттің бірі екенін айтып өтті.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың 6 айында ана өлімі деңгейі 10%-ға, нәресте өлімі 26,3%-ға төмендеген. Алайда Қызылорда, Қостанай, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Абай облыстарында сәби өлімі жиілеген. Осыған орай денсаулық сақтау министрлігі қадр тапшылығын жоюды, ана мен бала өлімі көп болған ұйымның лицензиясын алып қоюды ұсынды.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әліназарованың сөзіне сүйенсек, ана мен бала өлімі фактілері бойынша 44 медициналық ұйымға жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Оның ішінде Жамбыл және Ақмола

Жедел ішек аурулары – бұл асқазан-ішек жолының инфекциялық немесе инфекциялық емес себептерден пайда болатын, тез дамитын және қысқа мерзім ішінде ағзаның жалпы жағдайын нашарлататын аурулар тобы. Олар көбіне жаз және күз айларында жиі кездеседі, себебі бұл кезде ауа райы жылы, тағам тез бұзылып, микробтар мен вирустардың көбеюіне қолайлы жағдай туындайды.

Себептері:

Жедел ішек ауруларының басты себептеріне бактериялар (сальмонелла, шигелла, ішек таяқшасы), вирустар (ротавирус, норовирус), паразиттер және тағамдық уланулар жатады. Ауру жұққан сулы, нашар жуылған көкөніс пен жемістерді, термиялық өңдеуден өтпеген ет пен сүт өнімдерін қолданғанда жұғады. Сондай-ақ жеке гигиенаны сақтамау – басты қауіп факторы.

БАЛА БАҒУҒА ДА БІЛІМ КЕРЕК

Шараға облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала бөлімінің басшысы Айгүл Төлегетенова қатысты.

– Бүгін біз жас отбасылар үшін өмірлік маңызы бар екі маңызды тақырыпты: жүктілікке дайындық пен ана сүтінің маңызын талқылаймыз. Жас отбасының дені сау ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі ерекше. Ал бұл жол болашақ ата-ана болуға дайындықтан басталады. Предгравидарлы дайындық – жүктілікті жоспарлап, әйел мен ер азаматтың денсаулығын алдын ала тексеру, зиянды әдеттерден арылу, дұрыс тамақтану мен өмір салтын қалыптастыру арқылы бала үшін қолайлы орта жасау деген сөз. Бұл – ұлт саулығына қосылған үлкен үлес. Сондай-ақ ана сүтінің теңдессіз пайдасы туралы білу маңызды. Ана сүті – бұл тек қорек емес, баланың алғашқы иммунитеті, денсаулығы мен болашақтағы даму кепілі. Алғашқы уақытта сәбиді 6 айға дейін ана сүтімен ғана қоректендірудің пайдасы туралы дұрыс ақпарат әр ана үшін қажет. Мұндай шараларды ұйымдастырудың негізгі мақсаты тек ақпарат беру емес, сонымен

қатар болашақ ата-аналарға дұрыс бағдар беру, дені сау бала тәрбиелеуге қолдау көрсету, – деді ол.

Бүгінде жас аналар бала емізуді машақат көріп, жасанды сүт беруге әуестеніп алғанын көзіміз көріп жүр.

Жақында «Отбасы» орталығында «Жас отбасына предгравидарлық дайындық пен ана сүтінің маңыздылығы» тақырыбында семинар-тренинг өтті.



БАУЫРЫНА БҮЙРЕГІН БЕРДІ

Қызылорда облыстық көпбейінді ауруханасында бір күнде екі науқасқа бүйрек трансплантациясы жасалып, сәтті өтті. 1979 жылы дүниеге келген әйелге өзінен үш жас үлкен туған ағасы донор болған. Ал екінші трансплантацияны 1978 жылы туған ер адамға жасаған. Науқасқа егіздің сынары, ағасы бүйрегін берген. Отаны «А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ, «Бүйрек трансплантациясы, урология және нефрология» бөлімшесінің меңгерушісі Ислам Мададов жетекшілік еткен трансплантологтар командасымен бірге, көпбейінді облыстық аурухананың бас дәрігерінің хирургия жөніндегі орынбасары, PhD Ербол Серікұлы жасады. Науқастардың жағдайы орташа, тиесілі ем қабылдауда. Былтыр аймақтағы осы ауруханада бүйрекке 6 трансплантация жасалған. Ал биыл Сыр медицинасында алғаш рет бауыр ауыстыру отасы жасалды. Сонымен қатар жақында осы ауруханада жүрекке ашық ота жасаған. Бұл аймақтағы дәрігерлердің біліктілігін, Сыр медицинасының дамуында серпін бар екендігін көрсетеді.



Жедел ішек ауруларының алдын алу

Белгілері:

Жедел ішек аурулары әдетте кенеттен басталады. Негізгі белгілері:

- Ішті өту (диарея);
- Құсу;
- Дене қызуының көтерілуі;
- Әлсіздік, бас ауруы, тәбеттің төмендеуі.

Бұл белгілер әсіресе балалар мен қарттарда тез сусыздануға әкелуі мүмкін, сондықтан оларда ауру ауыр өтеді.

Алдын алу:

Аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – жеке және тағамдық гигиенаны сақтау:

- Қолды әрдайым сабындап жуу;
- Қайнаған немесе тазартылған су ішу;
- Ет, балық, сүт өнімдерін толықтай пісіру немесе қайнату;
- Жеміс-көкөністерді мұқият жуу;

– Дайын тағамды ұзақ уақыт бөлме температурасында қалдырмау.

Емдеу:

Жедел түрлерінде басты ем – ағзаны сусызданудан сақтау. Ол үшін көп мөлшерде таза су немесе арнайы тұзды ерітінділер (регидратациялық ерітінділер) ішу керек. Дәрігер кеңесінсіз антибиотиктер қабылдауға болмайды. Ауыр жағдайларда науқас міндетті түрде ауруханаға жатқызылып, тиісті емдерін толық қабылдау қажет.

Жедел ішек аурулары – көп жағдайда алдын алуға болатын, бірақ уақытында шара қолданбаса ауыр асқынуларға әкелетін дерт. Әр адам тағам мен судың сапасына көңіл бөліп, жеке гигиена ережелерін сақтаса, бұл аурудың тарауын айтарлықтай төмендетуге болады.

Ф. РСА.ПНЕВА

Қызылорда облағы қарсы күрес станциясы
тырысқақ диагностикасы және профилактикасы
зертханасының меңгерушісі

Бетті дайындаған Айтолқын
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалың газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1373

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА